



**НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В ОБРАЗОВАНИИ - IQAA**

**ОТЧЕТ  
ПО ВНЕШНЕМУ АУДИТУ  
УНИВЕРСИТЕТА ТУРАН-АСТАНА**

**АККРЕДИТАЦИЯ ПРОГРАММ**

**5B011700 – Казахский язык и литература,  
6M011700 – Казахский язык и литература**

**г. Нур-Султан- 2019г.**

## **САРАПШЫЛАР ТОБЫ**



**Ильясова Нагима Абзелбековна,**  
**Эксперттік тобының жетекшісі,**  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
С.Қирабаев атындағы қазақ тілі және әдебиет кафедрасының доценті,  
филология ғылымдарының докторы



**Гайворонская Ирина Борисовна,**  
**Халықаралық эксперт ,**  
А.С.Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университеті психология  
факультетінің деканы, психология ғылымдарының кандидаты, доцент



**Байманов Руслан Оразбаевич,**  
**Жұмыс берушілерінің өкілі,**  
«Ғафу Қайырбеков атындағы №2 Мектеп –лицей» мемлекеттік  
мекеменің ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша директор орынбасары



**Мұханбетрахым Гүлдана Айбатқызы**  
**Студенттердің өкілі,**  
Еуразиялық гуманитарлық институтының 5B011700-Қазақ тілі және  
әдебиет мамандығының 3-ші курс студенті

## **IQAA КООРДИНАТОРЫ**

Адилъгазинов Гайнельгазы Зайнуллинович

## **ОҚУ ОРНЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУЫНА ЖАУАПТЫ ӨКІЛІ**





Сейдахметова Римма Ганиевна, директор центра управления качеством аккредитации и рейтинга

---

*Эксперттік тобының есебі IQAA –ның интеллектуалды меншігі болып табылады. Кез-келген ақпаратты пайдалануға тек IQAA-ға сілтеме жасау арқылы жол беріледі. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершілікке алып келеді..*





**Уровень соответствия отчета по самооценке образовательной программы 5B011700 – Казахский язык и литература Университета «Туран-Астана»**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительно соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательной программы и политика в области обеспечения качества	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательной программы и управление информацией		+		
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка		+		
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация		+		
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

Руководитель экспертной группы Ильясова Н.А.   
 Международный эксперт Гайворонская И.Б.   
 Эксперт-представитель работодателей Байманов Р.О.   
 Эксперт-представитель студентов Мұханбетрахым Г.А. 

**Уровень соответствия отчета по самооценке образовательной программы 6M011700 – Казахский язык и литература Университета «Туран-Астана»**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительно соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательной программы и политика в области обеспечения качества	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательной программы и управление информацией		+		
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка		+		
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация		+		
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

Руководитель экспертной группы Ильясова Н.А.   
 Международный эксперт Гайворонская И.Б.   
 Эксперт-представитель работодателей Байманов Р.О.   
 Эксперт-представитель студентов Мұханбетрахым Г.А. 

**МАЗМҰНЫ**

<b>БӨЛІМ 1 КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА</b>	<b>6</b>
Кіріспе .....	
Жоғары оқу орнының негізгі сипаттамасы.....	6
<b>БӨЛІМ 2. ЭКСПЕРТТІК ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ</b>	
Мамандыққа арналған бағдарламаның аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі	
Кіріспе.....	7 6
<i>Стандарт 1</i>	
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты .....	8
<i>Стандарт 2</i>	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару .....	11
<i>Стандарт 3</i>	
Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау .....	17
<i>Стандарт 4</i>	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.....	24
<i>Стандарт 5</i>	
Профессорлық-оқытушылық құрам .....	30
<i>Стандарт 6</i>	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау .....	37
<i>Стандарт 7</i>	
Жұртшылықты ақпараттандыру .....	41
<b>БӨЛІМ 3 ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	<b>46</b>
<i>Қосымша 1</i> .....	48
<i>Қосымша 2</i> .....	50
<i>Қосымша 3</i> .....	56

## ***1 ТАРАУ***

### ***МӘНМӘТІН ЖӘНЕ САПАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ***

#### ***Кіріспе***

Сыртқы аудит процесі «Тұран-Астана» университетінің білім беру бағдарламасын қамтамасыз етуге қажетті ғылыми, практикалық, әдістемелік, базалық деңгейін анықтауды мақсат етеді.

Университет ректоры Жаппарова Гүлжамал Әлкенқызымен сұхбат барысында университет ректорының оқыту процесіндегі барлық іс-шараларға ерекше назар аударатыны байқалды. Проректорлар Даубаев Қанат Жақсымұратұлы, Нүрпейісов Сағат Елубайұлы қосдипломды бағдарлама, шетелдік тағылымдама, әлеуметтік көмек көрсету, оқыту процесін ұйымдастыру мәселелеріне қатысты көптеген сұрақтарға жауап берді.

Сапаны басқару, аккредитация және рейтинг орталығының директоры Сейдахметова Римма Ғаниқызы бастаған топ мүшелері университеттің инфрақұрылымдық базасымен толық таныстырды.

Университеттің 2 оқу ғимараты аясында орналасқан 1 спортзал, 1 асхана, 2 оқу залы бар кітапхана, 1 дәрігерлік пункт пен бизнес-инкубатор студенттер мен магистранттардың сапалы білім алуына, креативті ойлау деңгейін дамытуға, саламатты өмір салтын ұстануға мүмкіндік береді.

«5B011700 және 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша заман талабына сай педагог мамандар дайындауға, оқытудың жаңа технологияларын қолдануға 2 лингафон кабинетінің, 10 компьютерлік класстың болуы, практикалық және дәріс сабақтарын өткізетін аудиториялардың толық мультимедиялық құралдармен жабдықталуы негіз болады.

376 орынға есептелген мәжіліс залда, 2 конференц залда әртүрлі форматтағы ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіп, онлайн, офлайнда байланыс жасауға негізделген.

Университеттің өзін-өзі бағалау әдістері шынайылыққа негізделген.

Сыртқы аудит процесін ұйымдастыруда университет тарапынан атқарылған іс-шаралар жоғары деңгейде.

#### ***Жоғары оқу орнының негізгі сипаттамасы***

«Тұран-Астана университеті» 2003 жылы құрылып, 2004 жылғы 26 сәуірде берілген Мемлекеттік лицензия (АА сериясы № 0000355) негізінде білім беру қызметін бастайды. Мемлекеттік тіркеу куәлігі № 14993-1901-У-е 24.11.2003 ж. Жекеменшік оқу орны. Университеттің орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы.

Университет бойынша жалпы мамандықтар саны: Бакалавриатта – 16 мамандық, Магистратурада – 10 мамандық, Докторантурада – 1 мамандық.

Университеттегі оқытушы-профессор құрамының 50% ғылыми дәрежеге ие.

2018-2019 оқу жылына ОПК –120 адам. Оның ішінде: ғылым докторы – 16, ғылым кандидаты – 44, философия (PhD) докторы – 2. «Қазақстанның үздік ЖОО рейтингі» талдауы бойынша ТАУ-дың динамикалық даму көрсеткіші төмендегідей: 2012 жылы – 14-орын; 2013 жылы – 13-орын; 2014 жылы – 12-орын; 2015 жылы – 6-орын; 2016 жылы – 8-орын; 2017 жылы – 7-орын; 2018 жылы – 7-орын.

Мамандарды даярлаудың бағыттары мен деңгейлерін анықтау мақсатында Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі жүргізген сараптама бойынша ТАУ 2018 жылы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының тәуелсіз рейтингінде "ТОР-20" қатарына кіреді.

## ***2 ТАРАУ***

### ***САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП***

#### ***Кіріспе***

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының Білім бағдарламасы төмендегі ҚР-ның нормативтік құқықтық құжаттарының талаптарына негізделген; Қазақстан Республикасы Білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыз № 1080 Бұйрығы) т.б.

Университеттің стратегиялық жоспарының миссиясы, мақсаты мен міндеттері ББ-да басшылыққа алынады. Оқытудан күтілетін нәтижелер көрсетіліп, жұмыс берушілер мен магистранттардың ұсыныстары, білім беру траекториясын ұйымдастыру ескеріледі.

Білім беру бағдарламасы жоғары білікті ғылыми-педагог кадрларды дайындауға, әлемдік тәжірибелерге сәйкес келетін жоғары білім беру сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету саясатына сай білімалушыларға орталықтандырылған білім беру қағидаттарын оңтайлы ұйымдастыру басшылыққа алынған. Бағдарлама негізінде елдің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін қанағаттандыратын және даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары білімді және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар дайындалады. Бағдарлама мамандықтың Ұлттық бірегейлігіне сәйкес құрастырылып, Еуропалық біліктілік аясындағы кәсіби стандарттар мен Дублин дескрипторларына сәйкестендірілген. Білім беру бағдарламасы жеке білім беру траекториясын өзгертуге және кезең сайын өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасының құрылымы, деңгейі талапқа сай.

#### ***Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестікгі***

## **Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты**

### ***Дәлелдемелер және талдау:***

«Тұран-Астана» университетінің сапаға кепілдік саясаты сапаны қамтамасыз етудің мақсаттарын талдайды және әзірлейді. Сапалы білім беру қызметтерін ұсынуды бағдар етеді. Күтілетін нәтижелерді анықтап, оған қол жеткізуге мүмкіндік беретін ресурстарды қарастырады. ТAU-дағы барлық процестерді ұдайы жақсартуға бағытталады. ББ-ның сапасын қамтамасыз ету саясаты университеттің стратегиялық жоспарының негізінде 3 жылда бір рет қаралады.

ТАU-да білім сапасын жақсарту мақсатында атқарылатын жұмыстар:

1) 2017-2018 оқу жылына арналған Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі жөніндегі комиссия құрылып (03.10.2017 және 02.02.2018), оның құрамына университеттің 15 тәжірибелі оқытушысы іріктеліп алынады. СҚІЖ жөніндегі комиссияның жұмысы ережеге сәйкес университеттің ОПК дәрістерінің сапасын арттыруға, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, оқыту нысандары мен әдістеріне, білімін бағалауға, оқу құжаттамасының сапасына, оқушылардың академиялық ұтқырлығына сараптама жасап, мониторинг шығаруға бағытталған;

2) Сапаны қамтамасыз етудің міндеттерін шешу үшін академиялық мәселелер жөніндегі департамент құрылған. Олардың мақсаты: ЖОО қызметінің әлсіз жақтарын айқындау және туындаған кемшіліктерді шешу жолдарын әзірлеу;

Осы мақсатқа жету үшін ішкі аудиттерді, білімалушыларды, ОПК-ны, қызметкерлерді сауалнамалау шараларын өткізіп, талдау жасайды. Есептер дайындалып, олар Ғылыми-әдістемелік кеңесте, ректоратта баяндалады.

Экономика және еңбек нарығының қажеттілігін ескере келе білімалушыларға күндізгі, сырттай және қашықтан оқыту түрлері бағдарланған. ББ сыртқы әлеуметтік-экономикалық ортаның өзгеруіне бейімделген. Инновациялық және шығармашылық шарттар ескеріліп, оқыту нәтижелеріне, білім мазмұнына, оқыту технологиясына, бітіруші түлектердің сапалық дайындығына баса назар аударылған.

ББ-да оқытудың ғылыми-әдістемелік негізі тұжырымдалып, Дублин дескрипторларына сәйкес әлеуметтік-тұлғалық, этикалық, экономикалық, ұйымдастыру-басқару құзыреттіліктері мен арнайы құзіреттіліктер көрсетіледі. Студенттердің өзін-өзі басқару органдары (ЖІК) қызмет атқарады. Олар сапаны қамтамасыз етудің барлық ішкі және сыртқы процестеріне белсенді қатысады. ББ сапасына және олардың әдістемелік жақтан қамтамасыз етілуіне, білімалушылардың, оқытушылар мен түлектердің білім беру процесіндегі жағдайларға қанағаттану деңгейі туралы сұрауларды ұйымдастырады. ББ сапасын мониторингтеуде қатысушыларға қолжетімді арнайы сауалнамалар жүргізеді.

ТАU басшылығы, әкімшілік, ОПК, магистранттар мен түлектер қатыстырылып, сапаны қамтамасыз ету саясаты жандандырылады. Барлық



құрылымдық бөлімшелер, деканаттар мен кафедралардың жылдық жоспарлары университеттің стратегиялық жоспары мен сапаны қамтамасыз ету мақсатына сай әзірленіп, кафедралардың және факультет кеңестерінің, Ғылыми кеңестің, ОӘК-нің тиісті отырыстарында бекітіледі. Олар бөлімше басшылары, ОПК және магистранттардан құралады. Оған әр салаға, әр бағытқа қатысы бар ең тәжірибелі ОПК, бөлім қызметкерлері, белсенді студенттер мен магистранттар тартылады.

Сапа саясатын іске асыру шегінде ТAU дамыту стратегиясына сәйкес және Ғылыми кеңестің шешімі негізінде (31.08.2017 №1 хаттама) Сапаны басқару, аккредитация және рейтинг орталығы (бұдан әрі – СБАРО) құрылған. СБАРО-ның негізгі мақсаты – Университеттің білім беру қызметінің сапасын арттыру, ұлттық және әлемдік рейтингтік жүйелерге қатысу, институционалды және мамандандырылған, соның ішінде халықаралық аккредиттеуге дайындалу және өту. (<http://www.tau-edu.kz>).

ББ-ның сапаға кепілдік саясаты 2017 жылғы 29 маусымдағы Ғылыми кеңестің отырысында №11 хаттамамен бекітілген. Мамандықтың білім бағдарламасы ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы мен Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) сараптауынан өткізіледі.

АРТА-ның Қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын сараптау нәтижесі бойынша ТAU көрсеткіші:

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша:

2017 жылы – 12-орын; 2018 жылы – 12-орын.

6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша:

2014 жылы – 1-орын; 2015 жылы – 0; 2016 жылы – 6-орын; 2017 жылы – 7-орын; 2018 жылы – 6-орын.

ҚР жоғары оқу орындарының тәуелсіз рейтингісінде мамандар даярлаудың бағыттары мен деңгейлері бойынша (НААР-да) 6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ББ рейтингі:

2017 жылы 23-орын;

2018 жылы – 7 орын;

ТАU 2014 жылдың қараша айында Қазақстанның Білім беру сапасын қамтамасыздандырудың Тәуелсіз Агенттігінің мамандандырылған аккредитациясынан өткен.

"Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығының мамандандырылған аккредитациялау куәлігінің тіркеу нөмірі SA0020/1, куәліктің қолданылу мерзімі - 5 жыл, 16.06.2014 ж. бастап 11.06.2019 ж. дейін).

Университетте аталған мамандық бойынша оқуға түсу динамикасы жылдан жылға артып келеді. Студенттер мен магистранттарға дәріс оқып, практикалық сабақтарды өткізетін оқытушы-профессор – филол.ғыл.докторы М.А.Мартебаева, филол. ғыл. кандидаттары В.А. Шнайдер, Г.Т.Карипжанова, М.А.Мәретбаева, Г.К. Рахимбаева, Ж.М.Искакова, С.О.Симбаева т.б. ОПК-ның базалық білімі, ғылыми дәрежесі мамандыққа толық сай келеді. Ғылыми әлеуеті жоғары.

Студенттер мен магистранттарға қызмет көрсету орталығы ашылып, онда студенттердің пән таңдауына, қалаған пәнді ұсынуына, жеке оқу жоспарын жасауына, GPA балын анықтауына, басқа мамандыққа ауысуына, оқуды қайта, жалғастыруға, академиялық демалысты рәсімдеуге, логин, пароль алуға, Платонус базасына кіруге, анықтамаларды алуға, сауалнама толтыруға, жекелеген пәндерді оқытуға қатысты сұрақтарға жауап беруге т.б. барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Оқытудың инновациялық технологияларын енгізуде арнайы жабдықталған оқу кабинеттері жабдықталған. Жүйелі зерттеулер мен ғылыми жобаларды әзірлеу (ЖЗЖӨ) ҒЗИ білім беру процесімен қарым-қатынастықта жүзеге асырылады. Жұмыс берушілердің мүдделері ескеріліп, ББ «Рухани жаңғыру тарихындағы «Бабалар сөзінің» әдеби-ғылыми сипаты», «Көркем мәтіндегі лингво-концептуалдық талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздері», «Формирование креативной полиязычной личности в условиях поликультурной среды» бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

ТАУ-да «Қызметкерлер мен оқушылардың академиялық адалдығы кодексі» әзірленген (<http://www.turan-astana.kz>), оның мақсаты – білімалушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының адалдық туралы түсінігін қалыптастыру, ашық, адал және сенімді қарым-қатынастарды құру, сондай-ақ өмірде адалдықты дамыту мәселелеріндегі жауапкершілікті қалыптастыру. Кодекс Адалдық; Автордың және оның құқық мұрагерлерінің құқықтарын қорғауды жүзеге асыру; Ашықтық; Теңдік қағидаттарына негізделген.

ҚР «Білім туралы», «Жемқорлықпен күрес туралы» қолданыстағы заңдарының және басқа нормативтік актілердің талаптарына сәйкес «Корпоративтік мәдениет кодексі» және «Студенттің ар-намыс кодексі» ([http://www.tau-edu.kz.](http://www.tau-edu.kz) ) әзірленген.

Білім беру бағдарламаларын өзекті ету, ұзақ мерзімді бағыттарын жетілдіру үшін оның сапасына мониторинг жүргізіледі. Білім беру бағдарламаларының сапасына мониторинг жүргізу туралы ереже [http://www.tau-edu.kz.](http://www.tau-edu.kz) сайтында орналастырылған. ББ сапасын мониторингілеу негізінде және ҚР жоғары білім саласындағы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ білім беру қызметтері нарығындағы өзгерістерге, бағдарламалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігіне байланысты жекелеген элементтер жыл сайын жаңартылып, қайта енгізіледі. ТАУ-да білім беру қызметінің соңғы 5 жылында барлық мамандықтар бойынша ББ қайта қаралған. 2016 жылы жаңа ЖКБМЖМС енгізуге және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескеруге байланысты бейінді циклдың элективті пәндері жаңартылып отырған.

ББ дамыту мақсатында жүргізілген сыртқы және ішкі сұрау салу нәтижелері бойынша мамандарды даярлау сапасын жетілдіру шаралары әзірленіп, аттестаттау мен лауазымға тағайындау және ОПК-ға еңбекақы төлеуді саралау жұмыстары ұйымдастырылып отырады.

Университетте жемқорлыққа қарсы шаралар ОПҚ және университет қызметкерлері арасында жемқорлық көріністерін болдырмау жөніндегі шаралар жоспарына сәйкес орындалады.

Факультеттер деңгейінде – Жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес қолданылады. «Жемқорлықпен күрес туралы» ҚР Заңын және еңбек заңнамасын орындау мәселелерін қарау үшін студенттер өкілдері бар жемқорлық құқық бұзушылықтары жөніндегі комиссиялар құрылған. «Саналы ұрпақ» студенттік клуб белсенді жұмыс істейді, онда студенттерді академиялық адалдықты дәріптеу жолымен жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістеріне оқытады.

Оқыту шегінде университетте жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» элективті курсы оқытылады. Ректор блогы, «Platonus» ААЖ порталындағы оқытушылар мен студенттердің жеке парақтары, ректорға жүгіну жәшігі, «Сенім жәшігі» арқылы ЖОО басшылығы оқытушылармен, білімалушылармен кері байланыс орнатады.

Жемқорлық, құқық бұзушылықтар, есірткіге құмарлықпен күрес мәселелері бойынша ОПҚ және ректормен студенттердің кездесулері тұрақты жүргізіледі.

#### ***Жақсы тәжірибе:***

Студенттерге, магистранттарға қызмет көрсететін орталықта білімалушыларға 12 түрлі қызметті тез, әрі жеңіл көрсетуі басқа да жоғары оқу орындарына үлгі.

**Сәйкестік деңгейі - толық сәйкес.**

## **Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару**

### ***Дәлелдемелер және талдау:***

ЖОО-да білім беру бағдарламасын жүзеге асыру тәртібіне сәйкес бакалавриаттың күндізгі, сырттай оқу нысанының, магистратураның Жұмыс оқу жоспарларын, ҮОЖ және элективті пәндер каталогын, бағдарламасын жасауға кафедра жауапты. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру және оның тиімділігін бағалау үшін факультет Кеңесіне қарауға жіберіледі.

Бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша МББ (МЖМС және ҮОЖ жұмыс оқу жоспарларының, төлқұжаттың, құзыреттілік карталарының, формулярдың ережеге сәйкестігіне мониторинг жасалғаннан соң бұйрық шығарылып бекітіледі. ББ кәсіптік және әлеуметтік құзыреттердің ғылыми, теориялық және тәжірибелік-бағдарланған талаптарына сәйкес әзірленіп жүргізіледі.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының бакалавриат және магистратура деңгейіндегі білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберіндегі кәсіби стандарттарының талабына сай. Қазақ тілі мен

әдебиетінен іргелі білім беріп, әдістемесін игеруге, түлектерді шығармашылық ойлауға, озық білімді қалыптастыруға бағытталады.

Білім беру бағдарламалары Дублин дескрипторларына сәйкес модульдік принципке негізделіп, білім алушыларға пәндік, пәнаралық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімді меңгеруге, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика және психология саласы бойынша мамандарға қажетті кәсіби және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

### **Бакалавриат:**

Студенттердің ББ Қазақстан Республикасы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының №1080 қаулысының 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 бұйрығы және ҚР Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша мамандықтың типтік оқу жоспарын бекіту туралы» 2016 жылғы 5 шілдесіндегі №425 бұйрығымен бекітілген мамандықтардың ТОЖ негізінде әзірленеді. Білім беру деңгейлері бойынша студенттердің оқу жүктемесі 155 кредитті құрайды. Білім беру бағдарламасының көлемі жиынтық кестеде берілген. Аудиториялық жүктеме модульдік білім беру бағдарламасында әр семестрге бөлініп көрсетіледі.

**Магистратура:** Магистранттардың білім бағдарламалары Қазақстан Республикасы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының №1080 қаулысының 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 бұйрығы және ҚР Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша мамандықтың типтік оқу жоспарын бекіту туралы» 2016 жылғы 5 шілдесіндегі №425 бұйрығымен бекітілген мамандықтардың ТОЖ негізінде әзірленеді. Білім беру деңгейлері бойынша магистранттардың оқу жүктемесі ғылыми-педагогикалық бағытта 59 кредит, бейіндік бағытта 29 кредитті құрайды. 59 кредиттен кем емес, оның ішінде 42 кредиттен кем емес теориялық оқу, 6 кредиттен кем емес тәжірибе және 7 кредиттен кем емес ғылыми-зерттеу жұмыстары қамтылған. Ал бейіндік бағыт бойынша – 28 кредиттен кем емес (1 жыл оқу мерзімімен), оның ішінде 18 кредиттен кем емес теориялық оқу, 2 кредиттен кем емес тәжірибе және 4 кредиттен кем емес ғылыми-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылған.

Барлық деңгейдегі ББ іске асыру шегінде университет кемінде 8 кредит көлемінде кәсіби тәжірибеден өтуді қамтамасыз етеді. Өндірістік тәжірибе жұп семестрлерде кемінде 4 кредитті құрайды.

Өндірістік тәжірибе бағдарламалары Кәсіби тәжірибе регламентінің талаптарына сәйкес әзірленеді. Кәсіби тәжірибе регламенті университеттің сайтында <http://www.tau-edu.kz> орналастырылған.

5B011700 -«Қазақ тілі мен әдебиеті» Педагогикалық тәжірибе міндетті түрде мектепте өткізіледі және заңды бекітілген келісімшарты бар.

Бакалавриат бойынша өндірістік және педагогикалық тәжірибе және оны өтетін базалық мекемелер:

Оқу тәжірибесіне – 2 кредит бөлінеді. Өтетін орны – «Тұран-Астана» университеті». Педагогикалық тәжірибеге – 6 кредит бөлінеді. Өтетін орны – № 63 мектеп-гимназиясы; Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы; Ғ.Қайырбеков атындағы №2 мектеп гимназиясы, Ғ.Орманов атындағы №7 мектеп гимназиясы, № 58 мектеп гимназиясы. Өндірістік тәжірибеге – 4 кредит бөлінеді. Өтетін орны – № 63 мектеп-гимназиясы; Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы; Ғ.Қайырбеков атындағы №2 мектеп гимназиясы, Ғ.Орманов атындағы №7 мектеп гимназиясы, № 58 мектеп гимназиясы.

6M011700 -«Қазақ тілі мен әдебиеті педагогикалық тәжірибе, Зерттеу тәжірибесі, Өндірістік тәжірибеден өтеді.

Педагогикалық тәжірибеге 3 кредит бөлінеді. Өтетін орны – «Тұран-Астана» университеті» ҚМ, Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. Зерттеу тәжірибесі – 3 кредит. «Тұран-Астана» университеті» ҚМ. Магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы (МҒЗЖ) – 7 кредит. «Тұран-Астана» университеті» ҚМ. *Өндірістік тәжірибе* – 2 кредит. Өтетін орны – Дарынды балаларға арналған №2 мектеп, Астана қаласы, №23 орта мектебі, Астана қаласы, Дарынды балаларға арналған №9 «Зерде» мектебі, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Дубовка орта мектебі, Ерейментау ауданы, Төлеу Шаханов атындағы №3 орта мектебі, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылы, №41 орта мектебі, Ерейментау ауданы, № 4 орта мектебі.

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету қағидаттарының барлығы да сақталады.

Университеттің академиялық саясатында оқу үдерісін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру мәселесі қарастырылған:

а) бір жоғары оқу орнының (трансферт қызметі) басқа жоғары оқу орнында игерген пәндерді қайта есептеу мүмкіндігі бар, сондықтан ешбір кедергісіз, егер кредит саны толық болып отырса, ауыса алады.

ә) білім алушының білім беру траекториясына, ең алдымен, оқуды жалғастыру және келесі білім беру деңгейіне (жинақтау қызметі) өту мүмкіндігіне қатысты ұстанымын анықтау үшін ББ ECTS кредиттерін қолдануға мүмкіндік жасалған.

Оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны типтік оқу жоспарына, және элективті пәндер каталогына сай келеді.

5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті бакалавриат деңгейіндегі білім бағдарламасына «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы», «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы», «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Қазіргі қазақ тілінің зерттелу аспектілері», «Әдебиет ғылымының зерттелу тарихы», «Әдебиет сыны», «Шетел

әдебиетінің тарихы» т.б. элективті пәндер ретінде енгізіліп, ғылыми-педагогикалық ұстанымға сай жоспарланған.

6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» магистратура деңгейіндегі модульдік Білім беру бағдарламасына жұмыс берушілер мен магистранттардың сұранысы ескеріліп, «Қазақ жазуының тарихы», «Прагматикалық лингвистика», «Жоғары мектептегі инновациялық технологиялар», «Абайтану», «Тіл білімінің зерттелуі», «Әдебиеттану ғылымының зерттелуі және түркітану», «Ғылыми зерттеулердің методологиясы», «Жоғары мектепте оқыту методологиясы», «Тіл мен әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесі», «Лингвоэкология мәселелері», «Тіл білімінің зерттелу тарихы», «Тіл мен әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесі» және тағы басқа пәндер енгізілген.

Оқу орны білім алушылардың, қызметкерлердің және мүдделі тараптардың қатысуымен жинақталған, талданған ақпараттар негізінде үнемі бағдарламаларды қайта қарап, бағалайды. Оған білімалушылардың оқу үлгерімі, білім мазмұнына қанағаттануы, білім беру ресурстарына қолжетімділігі, түлектердің жұмыспен қамтылуы негізгі критерий болады. Еңбек нарығының қажеттілігіне байланысты ББ бағдарламасының сапасы мен экспертизасына жаңа талаптар мен мақсаттар, міндеттер жүктеліп отырады.

Оқу орнында білімалушылардың өтінімін/апелляциясын қарастыруда қолданатын ресми рәсімдер бар.

Университеттің академиялық саясатында оқу үдерісін кредиттік оқыту технологиясы бойынша ұйымдастыру мәселесі қарастырылған:

а) жоғары оқу орнынан кейінгі (трансферт қызметі) бейіні бойынша сәйкес басқа жоғары оқу орнында игерген пәндерді қайта есептеу мүмкіндігі бар, сондықтан ешбір кедергісіз, егер кредит саны толық болып отырса, ауыса алады.

ә) магистранттың білім беру траекториясына, ең алдымен, оқуды жалғастыру және келесі білім беру деңгейіне (жинақтау қызметі) өту мүмкіндігіне қатысты ұстанымын анықтау үшін Білім беру бағдарламаларында ECTS кредиттерін қолдануға мүмкіндік жасалған.

ТАУ-да студенттер мен магистранттарға білім беру қызметінің жүзеге асуы:

5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті бакалавриат деңгейінде: аудиториялық сабақ, өздік жұмыс (СӨЖ), студенттің оқытушымен бірлескен өздік жұмысы (СОӨЖ), оқу тәжірибесі, педагогикалық тәжірибе, өндірістік тәжірибе.

6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті магистратура деңгейінде:

Аудиториялық сабақ, магистранттың оқытушымен бірлескен жұмысы (МОӨЖ), магистранттың өздік жұмысы (МӨЖ), педагогикалық тәжірибе, зерттеу тәжірибесі, өндірістік тәжірибе, магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы (МҒЗЖ).

6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы магистранттары оқу жоспарына сәйкес ғылыми тағылымдамадан өтеді.

2017-2018 жылы Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде (Көкшетау қ.), 2018-2019 жылы Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде (Семей қ.), Инновациялық еуразия университетінде (Павлодар қ.) ғылыми тағылымдамадан өткен.

Білім беру қызметі кредиттік технологиямен оқытудың әдістемелік ұсынымдарына негізделген. Аудиториялық сабақтар (дәріс пен семинар) сабақ кестесі бойынша жүргізіледі. Оқытушылар СӨЖ, СОӨЖ МӨЖ, МОӨЖ жұмыс бағдарламаларын жоспарлайды, кестелерін жасайды, тапсырмалар жүйесін, реферат тақырыптарын, тестерді, жағдаяттық тапсырмаларды әзірлейді. Олар пәннің оқу әдістемелік кешенінде көрсетілген. Әр білім алушы силлабуспен қамтамасыз етілген, онда тапсырмаларды тапсыру кестесі және өздік жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар көрсетілген. Аудиториялық дәрістер мен теориялық оқытуға арналған өздік жұмыстың арақатынасы 1:2 құрайды.

Оқытудың жаңа формалары енгізіліп, қашықтықтан оқыту жүйесі қалыптасқан.

Қашықтан оқыту үшін «Platonus» ААЖ пайдаланылады, ол Интернет желісінің көмегімен қашықтағы пайдаланушыларды оқыту процесін автоматтандырады. Бағдарлама қашықтағы серверде жұмыс істейді және пайдаланушының компьютеріне орнатуды талап етпейді. Оған қолжеткізу пайдаланушыларға оларды бағдарламаның деректер базасына енгізген кезде берілетін логин және пароль арқылы электрондық пошта бойынша мүмкін.

5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті бакалавриат бойынша ҚОТ бойынша білім алушылар контингенті – 10.

Магистратура бойынша – жоқ.

ҚОТ үйлестіру жұмысымен білімалушыларға қызмет көрсету орталығының маманы айналысады. Кафедра оқытушылары тарапынан қашықтан оқитын білім алушылар оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етіледі. Бақылау жұмыстары мен рефераттарды пән оқытушылары тексеріп, қойылған бағаны негіздеп анықтама жазады. Үнемі кері байланыс жүзеге асырылып отырады.

ҚОТ қолданумен сырттай оқу нысанындағы студенттер «Moodle» ААЖ пәндерді зерделеу үшін, ал күндізгі оқу нысанындағы студенттер «Platonus» ААЖ пәндерді зерделеу үшін ақпарат алу мүмкіндігіне ие. Оқытушылар студенттерге кеңестер береді, электронды дәрістермен және зертханалық жұмыстармен қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқыту технологиясын қолданумен күндізгі оқу нысанындағы магистранттар «Platonus» ААЖ пәндерді зерделеу үшін ақпаратты алу мүмкіндігіне ие. Оқытушылар магистранттарға консультациялар береді, электронды дәрістермен және зертханалық жұмыстармен қамтамасыз етеді.

ББ әзірлеу, бекіту жүйесі бірнеше этаптардан, сыртқы сараптамадан өтеді.

Оқу орны білім алушылардың, қызметкерлердің және мүдделі тараптардың қатысуымен жинақталған, талданған ақпараттар негізінде үнемі бағдарламаларды қайта қарап, бағалайды.

Кафедра студенттердің оқу үлгерімін қадағалап отырады және ол кафедра мәжілісінде талданады.

Білімалушылар пәндерді талдауға белсене қатысады. Олардың берген бағалау нәтижесі: пән мазмұнына студенттердің қанағаттануы – ортадан жоғары.

Теориялық білім бойынша өз пәндеріне 47% респонденттер қанағаттанса, 30% жартылай қанағаттанған. Практикалық сабақтарды бағалау 30% - толық қанағаттанса, 38%, жартылай қанағаттанады. Білім беру бағдарламасындағы таңдау пәндеріне 52% - қанағаттанады, 32% - қанағаттанбайды. Білім беру бағдарламасының сапасын жақсарту үшін студенттер тек материалдық-техникалық жабдықталуын ғана емес (53%), халықаралық студенттік ұйымдармен ынтымақтастық пен студенттердің академиялық ұтқырлығын кеңейте түсудің қажеттігін ұсынады (39%).

Білімалушыларға білім беру ресурстары мен қызмет көрсету ісі жолға қойылған. Университетте «Платонус» бағдарламасы арқылы электронды ақпараттық-білім беру ортасы және электрондық білім беру ресурстарының банкісі қалыптасқан. Ақпаратты қамтамасыз етудің тиімділігі артқан. Ақпараттық портал университеттің білім беру қызметінің бағыттарын, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу қызметін, оқу-әдістемелік материалдарды толық қамтиды.

2017/2018 оқу жылында бакалавриат бойынша бітіруші түлектердің 80% пайызы, магистратура бойынша 86 % пайызы жұмысқа орналасқан.

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының Білім беру бағдарламасы білім бакалаврі, 6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының Білім беру бағдарламасы педагогика ғылымдарының магистрін даярлауды қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі және үздіксіз кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға Университетте барлық жағдай жасалған.

### ***Жақсы тәжірибе:***

Қашықтықтан оқыту түрінің енгізілуі, ондағы бағдарламалардың күндізгі бөлімде оқытын студенттерге де, магистранттарға да пайдалы болуы, тиімділігі жақсы тәжірибені көрсетеді.

### ***Ескертулер:***

1. Силлабустарда білімалушылар пән деңгейінде қандай құзыреттіліктерді игеру керектігі дұрыс көрсетілмеген.

2. Пәнне арналған оқу-әдістемелік кешендерде жаңа бағыттар бойынша соңғы бес жылда шыққан ғылыми еңбектер қамтылмаған.

### ***Жақсарту аймағы:***



1. 5B011700 және 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында білім алып жатқан студенттер мен магистранттардың болашағы мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытумен байланысты. 2017 жылдан бастап мектептерге «Жаңартылған мазмұндағы білім бағдарламасы» енгізіле бастады. 2020 жылы барлық сыныптар жаңартылған бағдарламамен оқитын болғандықтан, болашақ мамандар да сол талапқа жауап бере алуы тиіс. Осыған орай, университеттің ББ-ндағы пәндердің білім мазмұнын «жаңартылған мазмұндағы білім бағдарламасының» сұранысына сай етіп өзгертсе дұрыс болар еді;

2. Қазақ тілі бойынша коммуникативтік, семантикалық аспектідегі зерттеулерге баса назар аударылып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін пәндер оқытылса, қазақ әдебиетінен жаңа бағыттағы пәндер де оқытылса ББ-ның сапасы арта түсер еді.

**Сәйкестік деңгейі – маңызды сәйкестіктер бар.**

### **Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау**

#### ***Дәлелдемелер және талдау:***

Білімалушылардың кәсіби өсуіне, еркін сезініп, өзін-өзі бағалауына мүмкіндік жасалған. Дәріс сабақтарында студенттер тек тыңдаушы емес, өз ой-пікірін айтып, оны ғылыми тұжырымдармен дәйектеуді еркін меңгерген. Білім беруде интерактивті әдістерге басар назар аударылып, слайдтар, бейнематериалдар, интерактивті тақтамен жұмыс істеу арқылы білімалушылардың белсенділігіне орталықтандырылған стратегиялар қолданылады. Магистратура деңгейінде презентациялар, иллюстративті материалдар, көмекші схемалар, кестелер және т.б. кеңінен пайдаланылады. Студентке орталықтандырылған оқыту нәтижелерін бейне сабақтар, бейне-презентациялар, жедел сауалнама, ассоциативті практикалық сабақ және т.б. сияқты белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолданудан көруге болады. Бұл білімалушылардың креативті ойлануына және бағалау үдерісінің жүзеге асуына мол мүмкіндіктер береді.

Бакалавр деңгейінде тьюторлар кафедрамен, факультет деканатымен, академиялық саясат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен өзара әрекеттестікте қызмет атқарады. АППО маманымен бірге білім алушылардың негізгі білім беру бағдарламасының оқу пәндерін меңгеруіне бақылау жасайды.

Магистратура деңгейінде тьютор академиялық үлгерім мен пәнге қатысты ақпарат бере отырып, магистранттарға қойылатын талаптардың бірлігін қамтамасыз етеді. Магистранттардың оқу және ғылыми-зерттеу жұмысының деңгейі, әлеуметтік белсенділігі тьютордың көмегімен жүзеге асырылады.

Университеттің академиялық саясатына байланысты студенттің, магистранттың жеке оқу жоспары (СЖОЖ, МЖОЖ) жасалып, әрбір білімалушының жеке білім беру траекториясы анықталған. Өздік жұмыстар элективті пәндер мамандықтың нақты мақсаттары мен бағытына негізделген арнайы курстар бойынша беріледі. Типтік оқу жоспары, жұмыс оқу жоспары, жеке оқу жоспары (ТОЖ, ЖОЖ) басшылыққа алынады.

Өздік жұмыстары 2 түрлі формада жүзеге асырылады: 1) студенттің, магистранттың оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (СОӨЖ, МОӨЖ); 2) студенттің, магистранттың өзіндік жұмысы (СӨЖ, МӨЖ). Өздік жұмыстарды орындау бойынша сағат саны жүйеленген. Кредит саны 2 болса, 1 сағат жоспарланған. 3 кредитке 2 сағат бөлінеді. СОӨЖ, МОӨЖ бойынша сабақ кестесі жасалып, оны ОӘЖ жөніндегі проректор бекітеді. Жалпы оқу жоспарындағы сағат санына кірмейді.

**Бакалавриат деңгейіндегі** өздік жұмыстар (СОӨЖ, СӨЖ) эссе, реферат, әртүрлі кестелер, бақылау тапсырмалары т.б. түрінде орындалады.

**Магистратура деңгейіндегі** өздік жұмыстар ғылыми баяндама, дискуссия, ғылыми есеп, тест құрастыру, арнайы зерттеу, ғылыми әдебиеттермен жұмыс, бақылау жұмыстары т.б. түрінде жүзеге асады.

СӨЖ, МӨЖ материалдары коллоквиумдар, жазбаша және тест тапсырмалары бойынша бағаланады. СОӨЖ, МОӨЖ және СӨЖ, МӨЖ материалдары сессия аралығында орындалады және оны пән бойынша емтихан тапсырғанға дейінгі аралық бақылау кезеңінде оқытушы бағалайды.

Білімалушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуде оқу ақысына 10 пайыздан 50 пайызға дейін жеңілдіктер жасау, ЖОО-ның білім гранты (ректор гранты) мен Т.Әубәкіров атындағы шәкіртақы беру, спортта және шығармашылықта ерекше табысқа жеткен студенттерге ынталандыру ақысын беру көзделген.

5B011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері Ұ.Түймебайқызы (2014-2015 оқу жылы), М.Булатова (2015-2016 оқу жылы) Т.Әубәкіров атындағы шәкіртақыға ие болған. Көп балалы отбасынан шыққан Досанова Айжан, Сандыбаева Мадина, Абусағит Аяулымға 15%, жеңілдік жасалған.

Биылғы жылы 24. 09.2018 ж. №81 УП бұйрығымен білімалушыларға арналған әлеуметтік қоржын бекітілген.

ТАУ-да ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқу процесін оқытудың кредиттік технологиясы бойынша ұйымдастыру қағидаларына, сондай-ақ «Академиялық ұтқырлық туралы ережеге» сәйкес білім алушылардың академиялық ұтқырлығы бағдарламасы іске асырылады.

Ғылыми тағылымдамалардан өту және академиялық ұтқырлық пәндері бойынша кредиттерді қайта есептеу жұмыстары ішкі оқу-әдістемелік құжаттама негізінде жүзеге асырылады. (ЖОО кейінгі білім берудің оқушыларының тағылымдамасы туралы ереже, ECTS кредиттерін қайта есепке жатқызу туралы ереже).

Студент өтінішінің қаралғаны, оқыту туралы транскрипт және қайта есептелген кредиттер туралы шешім, кредиттерді есепке алу және жинақтау, GPA үлгерімнің орташа балын есептеу СҚКО бөліміне беріледі.

Білімалушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша отандық, шетелдік оқу орындарында білім алуға мүмкіндіктер бар. Болгария, Түркия, Ресей және т.б. университеттерімен тұрақты байланыс орнатылған. 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша шетелдік оқу орындарында тағылымдамадан өткен студент саны – 1. Сырлыбаева Оразгүл 26.09.2018ж - 18.12.2018ж аралығында Болгария елінің Верна қаласындағы "Chernorizets Hrabar" (Varna Free University) университетінде тағылымдамадан өткен.

Академиялық ұтқырлық бойынша 28.01.2019 -07.06.2019 аралығында 5 студент Павлодар қаласының Инновациялық Еуразия университетінде білім алуда.

ТАУ-да ағымдық және аралық бақылауды, қорытынды емтихандарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі «ЖОО-ның студенттерді аралық және қорытынды аттестациялау бойынша тұрақты мониторингін жүргізу ережесінде» толығымен реттелген. ағымдық, аралық және қорытынды бақылау нысандарын және оның механизмдері кафедра және факультетте қарастырылады. Емтихан билеттері, тест тапсырмалары кафедра мәжілістерінде кеңінен қарастырылады, оны кафедра меңгерушісі бекітеді және пәндердің жұмыс оқу жоспарларының мазмұны толығымен қамтылады.

Белгілі пәндер бойынша білімді бағалаудың критерийлері мен әдістері пәннің оқу жоспарында көрсетіледі, автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы білімалушыларға қолжетімді. Әр академиялық тәртіпті тексеру нысаны мен тәртібі академиялық кезең басталғаннан кейін бір айдан кешіктірілмей белгіленеді.

Бағалау әдістері жазбаша, ауызша және практикалық тест формасында өтеді.

Академиялық талаптарды орындай алмайтын студенттерді академиялық қолдау үшін оларға қосымша кеңестер беріліп, қосымша сабақтар өткізіледі.

Білім алушылардың білімін бағалау және кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейінің объективтілігін қамтамасыз ету үшін келесі тетіктер қолданылады:

- 1) жұмыстарды тексеру нәтижелері бойынша шағымданудың тең мүмкіндігі (апелляция);
- 2) тест тапсырмалары негізінде студенттердің нәтижелерін салыстыру мүмкіндігі туралы сараптау;
- 3) емтихан рәсімінің орындалуын қатаң бақылау (анықтамалық материалдар, шпаргалка және техникалық жабдықтар түрінде тыйым салынған материалдарды пайдалануға тыйым салу).

Студенттер мен магистранттардың білімін тест арқылы бағалауда осы саланың білікті оқытушылары оқу жетістіктерін бағалауға қатысады.

Студенттердің білімін және кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу дәрежесін әділ бағалауға негіз болатын факторлар:

1) білімалушыларды бағалау критерийлерімен таныстыру, оны ПОӘК мен силлабустарда көрсету;

2) пән бойынша білім мазмұнын зерделеуге қойылатын талаптарды силлабуста (жұмыс оқу бағдарламасында) көрсету;

3) апелляциялық комиссиялардың жұмысы.

Аралық аттестаттау мониторингінің нәтижелері жоспарға сәйкес кафедра мәжілісінде талқыланады. Білім көрсеткіштеріне байланысты шешім қабылданып, жүргізілетін іс-шаралар белгіленеді. Қорытындысы Университет кеңесінде тыңдалады.

Ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттаудың нәтижелері пәндер бойынша сабақ беретін мұғалімдердің (оқытушылардың) жеке кабинеттерінде орналасқан сайтында (іздеу схемасы: Home - Students - Office logger - Teachers - AIS Teacher; link: [http:// as. semuniver.kz/](http://as.semuniver.kz/)).

Әрбір студентте оның прогресі туралы ақпарат берілетін жеке кабинеті бар (іздеу схемасы: Үйге - Студенттерге - Тіркеуші кеңсесіне - Студенттерге - AIS Студентіне сілтеме: <http://student.semuniver.kz/>).

Орта мерзімді бақылау және қорытынды аттестаттау нәтижелері оқытушының жеке кабинетіне орналастырылғаннан кейін автоматты түрде студенттердің жеке кабинеттерінде көрсетіледі.

2018-2019 оқу жылының күзгі семестріндегі бірінші аралық бақылау бойынша студенттердің үлгерімі:

1-курс – 100%; 2-курс – 85 %; 3- курс – 73%; 4-курс – 75%.

2018-2019 оқу жылының күзгі семестріндегі бірінші аралық бақылау бойынша магистранттардың үлгерімі: 1-курс – 100%; 2-курс – 100 %;

Қорытынды бақылау тест түрінде өткізіледі. Студент осы пән бойынша қабылдау рейтингінің негізінде қорытынды бақылауға жіберіледі. Рейтинг ағымдағы және орта мерзімді бақылау үдерісінде студенттің қойған ұпайларының жиынтығына негізделеді (кемінде 50%). Қабылдау рейтингісі бар барлық білімалушылар қорытынды бақылауды өтуі керек. Аттестаттау ұпайын алмаған студенттер осы пәннің қорытынды бақылауына жіберілмейді. Студент емтихан нәтижелеріне қанағаттанбаған жағдайда апелляциялық комиссияға шағымдана алады. Академиялық оқу талаптарына сай келмейтін жағдайда жазғы семестрге қалдырылады. Жазғы семестр студенттердің бастамасы бойынша жеделдетілген және қосымша білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру, оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды жою, академиялық қарыздарды жою үшін қосымша ақы негізінде және оқу жоспары мен академиялық күнтізбеде анықталған мерзімде ұйымдастырылады. Мақсаты – студенттің өтініші бойынша ақылы негізде академиялық борыштарды қосымша оқыту немесе жою. Жазғы семестрде оқуға төленетін оқу ақысы әрбір пән бойынша кредит санына қарай университеттің есепшотына аударылады. Жазғы семестрдің ұзақтығы 6 апта,

пән толығымен оқытылады. Жазғы семестрге қалуға негіз болатын факторлар:

- рейтингтік бақылау нәтижелері бойынша емтиханға жіберілмегендер;
- емтиханда қанағаттанарлықсыз баға алғандар;
- белгіленген шекті ұпай санын алмағандар;
- академиялық айырмашылықты қалпына келтірушілер, басқа университеттен ауысқан және академиялық демалыстан келгендер.

Жазғы семестрлерді өткізу туралы ақпаратпен студенттің нұсқаулығынан білуге болады.

Білімалушыларды және оқытушыларды ақпараттандыру процесі сайт, «Platonus» ААЖ хабарландырулар, әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады. ТAU білім беру қызметінде ақпараттық ресурстарды пайдаланады. Барлық компьютерлер деректермен алмасудың өткізу қабілеті 100 Мбит/с байланыстың жоғары жылдамдықты желісі арқылы бірыңғай желіге біріктірілген. Барлық оқу корпустары INTERNET-ке шығумен бірыңғай желіге қосылған, сымсыз Wi-Fi желісі жұмыс істейді.

Білім бағдарламасының жалпы білім беру, базалық және бейіндік пәндері бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиет қорының қағаз және электронды нұсқада бар болуы; білім беру қызметін лицензиялаудың біліктілік талаптарында белгіленген нормаға сәйкес әдебиет қоры жыл сайын жаңартылып отырады. Заманауи компьютерлік кластары: магистранттар мен оқытушылардың ақпараттық ресурстарға (локальдік желі, Интернет) қолжетімділікті пайдалану мүмкіндігі, ақпараттық базаны тұрақты жаңартылған, жетілдірілген және кеңейтілген. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистранттар мен оқытушыларды (мысалы, Web-сайт негізінде) ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі бар; білімалушыларға, профессор-оқытушыларға және қызметкерлерге ыңғайлы орындарда Интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Wi-Fi аумағы бар. ЖОО-ның заманауи электронды базасының деректеріне, оның ішінде шетелдік деректер базасына (Scopus, Thomson Reuters және т.б.) магистранттардың қолжетімділігін қолдау ұйымдастырылған.

Электронды ақпараттық-білім беру ортасын және электрондық білім беру ресурстарының банкісін қалыптастыру және ақпараттық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру үшін университетте «Платонус» ААЖ пайдаланылады. Ақпараттық портал университеттің білім беру қызметінің бағыттары бойынша оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу қызметі, оқу-әдістемелік материалдар бойынша құрылымдалған.

Білімалушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жыл сайын сайыс өткізіледі. Сайысқа құқықтық, қаржылық-экономикалық, гуманитарлық және ақпараттық технологиялардың өзекті мәселелері мен басым бағыттарына арналған зерттеу жұмыстары ұсынылады. Үздік студенттердің жұмыстары халықаралық конференциялар мен байқауларға жіберіледі. 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 2014-2018 жж. аралығында тұрақты түрде студенттер мен магистранттарды

ғылыми жұмысқа баулу мақсатында ғылыми үйірмелер жұмыс жасайды. Студенттер мен магистранттардың ғылыми шығармашылық жұмыспен айналысуына да жан-жақты жағдай жасалған.

«Тұран-Астана» университетінің 2017-2019 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын орындау мақсатында 2015-2020 жылдарға арналған үштілдік білім беруді дамытудың Жол картасы әзірленіп, 21.04.2016 ж. №8 Хаттамамен Оқу-әдістемелік кеңесте бекітілген. Бұл Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығымен шектелмей, қазақ, ағылшын, орыс тілдерін үйретуге, оқытуға деген қызығушылықты оятып, студенттер мен магистранттардың ғылыми-шығармашылық іздену жұмыстарын жүргізуге жол ашады.

2015-2018 жылдар аралығында ТАУ-да дәстүрлі түрде ұйымдастырылып тұратын «Білім, ғылым, инновация: жас зерттеушілердің үлесі» атты жас ғалымдар, магистранттар мен студенттердің ғылыми-тәжірибешілік конференциясының материалдарында 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері жариялаған мақала саны –15. Ғылыми жетекшілік жасағандар – ф.ғ.к. В.А. Шнайдер, С.Қ.Омарова, Орманова А.Ә., Симбаева С.О., Исакова Ж.М., Айкенова Р.

2018 жылы 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері 7 ғылыми жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген.

2016 жылы Ресей елінің Таганрог қаласында Ү халықаралық үздік ғылыми жұмыс конкурсына А.Ж.Досанованың ғылыми жетекшілігімен 4 студент қатысып «Грант науки» диполомының лауреаты атанған. Олар: Б.Н.Сапаралы, А.Мойнакова, Ж.Батырхан, Н.Талипова.

5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті Райсова Диана Саятқызы ҚР «Бөбек» ЖалпыҰлттық қозғалысы Заңды тұлғалардың қауымдастық нысанындағы бірлестігінің «Үздік студент-2018» медалімен білім, ғылым, өнер, спорт саласына қосқаны үшін марапатталған.

2019 жылдың 20-21 ақпан күндері Казань Федералды университетінде өткен «Тюркская лингвокультурология: проблемы и перспективы» тақырыбындағы халықаралық конференцияға 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті А. Абулсағит қатысып, мақаласын жариялаған. Ғылыми жетекшісі: Г.К.Рахимбаева.

ҚР Кіші ҒА Инновациялық Еуразия университетінің ұйымдастыруымен өткен «Білім мен ғылым интеграциясы – болашаққа нық қадам» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға А.Мойнакова қатысып I Дәрежелі дипломмен марапатталған. Ғылыми жетекшісі: Исакова Ж.М.

Студенттер Тұран-Астана университетінің ұйымдастыруымен өтетін «Ұлттық рухани сананың жаңғыруы және бәсекеге қабілетті жастар», «Ғылым және жастар-2018» тақырыбындағы жас ғалымдар мен магистранттарға, студенттерге арналған конференцияға белсені қатысып, I,II,III дәрежелі дипломмен, сертификатпен марапатталған. 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы магистратура деңгейі бойынша «Гранит науки» атты үздік ғылыми жұмысының V Халықаралық конкурсына (РФ, Таганрог қ.

) 4 магистрант қатысып дипломмен марапатталған. Ғылыми жетекшісі: Досанова А.Ж.

ҚР алғашқы жоғарғы оқу орны Абай атындағы ҚазҰП-дың 90-жылдығына орай ұйымдастырылған педагогика ғылымдары бойынша магистранттардың ІІ Республикалық олимпиадасына 5 магистрант қатысып, ҚР БҒМ Мадақтамасымен марапатталған. Ғылыми жетекшісі: Искакова Ж.М.

2017 жылы Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығына арналған «Аңызға айналған абыз» атты көркемсөз оқу шеберлерінің 2-республикалық байқауында магистрант Манай Ғылымқал Бас жүлдені иеленген. Ғылыми жетекшісі: Симбаева С.О., Омарова С.Қ.

2019 жылы Қазақ радиолары серіктестігі жариялаған «Алтын дауыс» дикторлар байқауында Манай Ғылымқал тағы да бас жүлдеге ие болған. Магистранттар басқа да көптеген семинарлар мен ғылыми конференцияларға, байқауларға қатысып әртүрлі деңгейдегі дипломдар мен мақтау қағаздарымен марапатталған.

«Тұран-Астана» университетінде ECTS кредиттерін қайта қабылдау бойынша ереже» әзірленген. Университетте «Алдыңғы кәсіби білімді алуда зерделенген пәндерді қайта есепке жатқызу тәртібі туралы ереже», «Білімалушыларды аудару және қалпына келтіру ережелері» әзірленіп бекітілген.

Халықаралық алмасу бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамалар әріптес-университеттермен берілген транскрипт негізінде ECTS кредиттерін қайта есепке жатқызудың мониторингі көмегімен жүзеге асырылады. Білімалушыны ауыстыру немесе қайта қабылдау жазғы немесе қысқы демалыс кезінде жүзеге асырылады. ТAU-ға қайта қабылдау немесе ауысу процесі оқудан шығарылғаннан соң жүзеге асады. Жеке оқу жоспарына сәйкес бірінші академиялық кезеңді толық аяқтаған білімалушылар ғана оқуға қабылданады немесе ауыстырылады. Ақылы негізден мемлекеттік грантқа ауыстыру «Білім туралы заңның» 4-бабының 5-тармақшасына сай орындалады. Басқа ЖОО-дан студенттер қабылдау Білім беру ұйымдарының типтері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына сәйкес орындалады. Студенттерді басқа ЖОО-нан ауыстыру кезінде олардың алдындағы академиялық кезеңде зерделенген жұмыс оқу жоспарларындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылықтар анықталады. Кредиттерді мақұлдау және қайта тапсыру білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндердің мазмұнын, көлемін, алған білімдерін, икемдерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін, оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

ТАU-да білімалушылардың пікірін сұрап, сауалнама алу арқылы оқыту сапасы анықталады. Сауалнамада оқытылатын пәндер бойынша сұрақтар, оқу процесін техникалық жарактандыру деңгейі, оқу процесіне қатысты барлық қажетті ақпараттың қолжетімділігі, аудиториялар, кафедра үй-жайлары, оқу зертханалары мен жабдықтың сапасы, кітапхана қорының және жалпы кітапхана жұмысының сапасы, деканат, кафедралардың қарым-

қатынасы, асхана, буфеттің қызмет сапасы, оқу процесінің ұйымдастырылуы туралы сұрақтар қамтылған.

***Жақсы тәжірибе:***

Білімалушыларға «әлеуметтік қоржын» түрінде рәсімделген әлеуметтік қолдау көрсету іс-шараларының ұдайы ұйымдастырылып, көпбалалы отбасынан шыққан студенттердің, әртүрлі топтағы мүгедек студенттердің, жетім студенттердің т.б. оқу ақысына жеңілдіктер жасалуы; өте жақсы оқыған студенттерге Т.Әубәкіров атындағы шәкіртақының төленуі, мектепті алтын медальмен бітірген студенттерге ректор грантының берілуі; магистратура бөлімінде білімін жалғастырушы түлектердің 10 пайыздық жеңілдікке ілінуі, байқаулар мен жарыс жеңімпаздардың марапатталуы барлық оқу орындарына үлгі боларлық жұмыс.

***Ескертулер:***

1. Магистратура деңгейінде шетелдік тағылымдамадан өту, академиялық ұтқырлықпен білім алу көрсеткіші жоқ.
2. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы теориялық білім мазмұнының өзгергені туралы ақпарат беретін семинарлар ұйымдастырылмаған, арнайы мамандар шақырылмаған. Білімалушылардың бұл мәселе жөнінде хабары аз.
3. Бекітілген диплом жұмыстары мен магистрлік диссертация тақырыптарының басым бөлігі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесіне икемделмеген.

***Жақсарту аймағы:***

СӨЖ, МӨЖ тапсырмалары дәріс тақырыбы аясында шектеліп қалған. Тапсырмалар жүйесін оқытушылар дайындап қойған. Бұл білімалушыны жаттанды білімге үйретеді. СӨЖ, МӨЖ жұмыстарын ұйымдастыруда оқытушылар тек бағалау критерийлерін жасап, тақырыптарды білімалушылардың таңдауына, қызығушылығына байланысты анықтағаны жөн. Тақырыпты зерттеу барысында студенттер өз бетінше әртүрлі тапсырмаларды орындағаны дұрыс. Бұл білімалушыларды ғылыми шығармашылықпен айналысуға, креативті ойлауға үйретеді.

**Сәйкестік деңгейі – маңызды сәйкестіктер бар.**

## **Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау**

***Дәлелдемелер және талдау:***

Университетте ЖОО қабылдау ережелерін регламенттейтін әдістемелік нұсқаулықтар бар. Олар: «Тұран-Астана» университетіне оқуға қабылдау қағидалары», Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша түсу емтихандары туралы ереже.



Қабылдау комиссиясы студент пен университет арасындағы екі тараптық шарттарды ресімдеу бойынша жұмыс жүргізеді.

Жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында және ЖОО сайтында алдағы оқу жылына оқыту құны туралы ақпарат ұсынылады.

Талапкерлер үшін ақпараттық стендтер орнатылған, олардың көмегімен талапкер қабылдау комиссиясының ақпаратын, университет сайтында жарияланған оқуға қабылдау қағидаларын, білім беру бағдарламаларын (ББ), сондай-ақ құжаттарды ресімдегеннен кейін оқуға қабылдау туралы ақпаратты өз бетінше қарай алады. Оқуға қабылдау бойынша өлшемшарттар мен талаптар университеттің ресми сайтында (<https://www.turan-astana.kz>); университеттің жарнамалық буклеттерінде; кәсіби бағдарлау материалдарында жарияланады; жеке консультациялар барысында, телефон, электронды пошта бойынша және әлеуметтік желілерде түсіндіріледі.

ЖОО-ның бірінші курс студенттері үшін анықтамалық-жолсілтеме дайындалған. Бұл құжатта: білімалушының университеттегі жүріс-тұрысы қағидалары, университет туралы қысқаша ақпарат, кредиттік технология бойынша оқыту ерекшеліктері, пәндерге тіркелу, студенттердің білімін бақылауды жүзеге асыру тәртібі, аудару және қалпына келтіру тәртібі, ЖОО басшылығының және студенттерді қолдау қызметтерінің байланыс деректері, академиялық күнтізбе, болашақ маманның кәсіби қызметінің объектілері, бакалавриат деңгейіндегі оқу бағдарламасын және фундаментальды білімді жоғары деңгейде біртіндеп студенттерге магистратурада білімін жалғастыру мүмкіндігі туралы деректер көрсетілген.

Бакалавр деңгейі бітірген түлектер – Түймебайқызы Ұлдана 2017-2018 оқу жылы, Булатова Мадина және Мойнақова Алтынай 2018-2019 оқу жылы өз білімдерін магистратурада жалғастырып жатыр. Мойнақова Алтынай мемлекеттік грантта оқиды. Анықтамалық-жолсілтеме 1-курстың әрбір студенттерге оқу жылының басында беріледі. Лауазымын көрсетумен оқытушылардың байланыс деректері (тел., e-mail) бойынша барлық ақпарат силлабуста және ЖОО сайтындағы кафедра парағында беріледі.

Шетелдік білім алушылар мен тыңдаушыларды бейімдеу үшін 2017 жылдан әлеуметтік және мәдениетаралық бейімделу, психологиялық бейімделу және әлеуметтік-педагогикалық қолдау, үлгерім мониторингін көрсететін шетелдік магистранттарды бейімдеу бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Шетелден келген білімалушыны ТАУ құрылымымен, Жастар ісі жөніндегі комитетімен, білім беру үдерісінің шарттары және талаптарымен, Ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру мақсатында ұйымдастыру кездесуі өткізіледі. 2018-19 оқу жылына арналған шетелдік білім алушыларды бейімдеу бағдарламасы негізінде шетелдік білім алушыларға оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер қарастырылған, сондай-ақ жатақханада тұруға кепілдік берілген, қазақ және орыс тілдері курстары ұйымдастырылған.

ТАУ-дың электронды базасында білім беру бағдарламаларының түрлері мен білім беру деңгейлері бойынша білімалушылар контингентінің

электронды базасы жасалған. Электронды базада жеке оқу жоспарлары, силлабустар, ПОӘК материалдары орналастырылған. 5011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 2014 пен 2019 оқу жылы аралығында қабылданған білімалушылардың көрсеткіші:

Бакалавриат бойынша студенттер саны:

2014/2015 оқу жылында – 38; 2015/2016 оқу жылында – 44; 2016/2017 оқу жылында – 71.; 2017/2018 оқу жылында – 71; 2018/2019 оқу жылында – 74.

Магистратура бойынша:

2014/2015 оқу жылында – 40; 2015/2016 оқу жылында – 28; 2016/2017 оқу жылында – 32; 2017/2018 оқу жылында – 37; 2018/2019 оқу жылында – 42.

Студенттерді қабылдау контингенті жылдан-жылға артуда. Бұл бағытта университеттің саясаты мен маркетингі дұрыс жолға қойылған.

Магистрлік диссертациялар, диплом жұмыстары, мақалалар мен монографиялар Strike Plagiarism плагиатқа қарсы бағдарламасы арқылы тексеріледі. Жұмыстарды тексеру рәсімі туралы ережеге сәйкес плагиаттың бар немесе жоқ екенін анықтау міндетті. Жұмыстарды антиплагиаттан өткізуде бірегейліктің ұсынылатын шекті мәні мынадай: жұмыстың жалпы көлемінен бірегей мәтіннің 50% және №2 ұқсау коэффициентінің мәні 5% аспауы тиіс. Соңғы жылдары тексерілген шекті пайыздардан бітіру жұмыстары 100% өткен. Тексеру нәтижелері толық және қысқаша есеп түрінде ғылыми жетекшіге жіберіледі. Ұқсату есебі Strikeplagiarism.com плагиатқа қарсы интернет-жүйеде жинақталады. Жұмыс оң баға берілгенде қорғауға жіберіледі.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша дипломдық жұмыстар мен ғылыми жобалар ғылымға қызығушылығы бар студенттерге беріледі.

Барлық магистранттар магистрлік диссертация тақырыбын бекітіп, білім алу процесі барысында зерттеу жұмыстарын орындайды. Бейіндік бағытты бітірген магистранттар бір жылдан соң, ғылыми-педагогикалық бағытты бітірген магистранттар екі жылдан соң магистрлік диссертациялар қорғайды. 5B011700- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриатқа «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының «білім бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі. Білім беру траекториясы келесі қызмет түрлерін атқара алады:

- білім беру (педагогикалық) – жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда;
- әдеби-шығармашылық (әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында);
- өндірістік-басқарушылық (мемлекеттік органдарда, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарында іс-қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде)
- баспаларда редактор ретінде;
- дикторлық;
- БАҚ қызметкері.

6M011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітірген магистранттар екі бағытта (бейіндік және ғылыми-педагогикалық) білім магистрі және педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін растайтын диплом және дипломға қосымшасы беріледі. Магистратурадан кейінгі білім беру траекториясы:

- ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу (ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер,);
- педагогикалық колледждерде, техникалық, әлеуметтік салада колледждерде қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы;
- ұйымдастыру-басқарушы, мұғалім (орта мектептерде, гимназиялар мен лицей, колледждерде мамандығына тікелей қатысы бар мекемелерде);
- әдеби кеңесші, т.б.;

«Тұран-Астана» университеті түлектерінің қоғамдастығы» (бұдан әрі – Қоғамдастық) құрылған. Оның мақсаты жұмыс берушілерден түлектердің кәсіби даярлығы сапасы туралы, түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі туралы расталған ақпаратты алу болып табылады. Осы жұмысты ТЖМБ бірлесіп СДД жүзеге асырады. Кафедраның әлеуметтік әріптестері ЖОО бейініне сәйкес келетін білім беру ұйымдары болып табылады.

Жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1. Түлектерді еңбек нарығында табысты ұсыну мақсатында университетте әңгімелесуден өтеді, жеке тұлғааралық қатынастар мәселелері бойынша, жұмыс орнында бейімделу және орнығу тәсілдері, қазіргі жағдайларда жұмыс іздеу технологиясын жетілдіруге байланысты шеберлік сабақтары мен тренингтер жыл сайын өткізіледі.

2. Түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің бір бағыты «В Контакте» әлеуметтік желісіндегі бетпен жұмыс болып табылады, мұнда бос орындардың бар болуы, өткізілетін іс-шаралар (шеберлік сағаттары, тренингтер, Бос орындар жәрменкесі) туралы ақпарат орналастырылады. Бетті құру мақсаты – түлектермен ұдайы байланысты қолдау, мансаптағы өзгерістерін қадағалау, оларды одан арғы ынтымақтастыққа тарту.

3. Жыл сайын қараша айында университет түлектері үшін «Ашық есік күні» өткізіліп, Астана мен облыстың жұмыс берушілері шақырылады. «Ашық есік күнінің» негізгі мақсаты – университет түлектері мен студенттеріне уақытша және тұрақты жұмысқа орналастыруда көмек көрсету, сонымен бірге жұмыс беруші-білім беру ұйымдарына келешегі бар жас мамандарды іріктеуде жәрдемдесу.

4. Түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг ұдайы жүргізіледі, практика және «Платонус» базалары жаңартылады, мұнда ЖОО түлегіне пайдалы ақпарат орналастырылады.

5. Білім алушыларды және оқытушыларды нақты саланың жетістіктерімен, проблемалары және болашағымен таныстыру, оларды дәріскерлердің жеке және кәсіби қасиеттері мен құзыреттіліктері мысалында

кәсіби мансаптық өсуге және дамуға ынталандыру мақсатында мемлекеттік органдардың, өңірдің ірі кәсіпорындарының басшылары меймандық дәрістерге шақыртылады.

6. Түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу үшін университет әлеуметтік бағдарламалар бойынша Астана қ. жұмыспен қамту орталықтарымен, кадр агенттіктерімен, ұйымдармен ынтымақтасады.

2018 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу нәтижесі:

**Бакалавриат деңгейінде:** 2 түлек «Тұран-Астана» университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша магистратураның 1-курсында білімін жалғастыруда. Л.Гумелев ат. Еуразия Ұлттық университеті, физика-математика факультетінде хатшы-аудармашы – 2 түлек. Астана қаласындағы №60 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – 1. Қызылорда облыстық Ішкі істер бөлімінде баспасөз қызметкері – 1. Жеке кәсіпкерлік «Тіл дамыту» орталығында мұғалім -1. Астана қаласындағы «Абылай» дәмханасының қызметкері – 1. – декреттік демалыста – 2.

**Магистратура деңгейінде:** Қарағанда облысы, Абай ауданы Курмин жалпы білім беретін мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі – 1. № 81 «Әсемгүл» балабақшасы, МКҚК орыс тілі пәнінің мұғалімі – 1. № 54 мектеп-лицейінде тәлімгер және қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі – 1. АО «Университет КАЗГЮУ», қазақ тілі және орыс тілдерінің Департаментінде аға-оқытушы – 1. № 65 мектеп- гимназиясы, қазақ тілі және әдебиет пәндерінің мұғалімі – 1. «КазИнСТ» аударма бюросының маманы – 1. № 65 мектеп- гимназиясы, қазақ тілі және әдебиет пәндерінің мұғалімі – 1. Еуразия гуманитарлық институты, жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы -1. «Энергетика және байланыс колледжі » МКҚК қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімі – 1. «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК баспа бөлімінде редактор -1.

Магистратура деңгейінде мамандыққа сай жұмысқа орналасу деңгейі жоғары.

Жұмыс беруші Астана қаласындағы №23, №62 мектеп-лицей өкілдері «Тұран-Астана» университетінің бітіруші түлектірінің біліміне, кәсіби мамандану деңгейіне оң бағасын берді.

Университет қызметтерді тұтынушылармен (студенттермен, әлеуетті жұмыс берушілермен) тұрақты байланыста. Олармен оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларының өзгеруі, мамандарды дайындау бағыттары бойынша хабарласып, сұраныстарын ескеріп, кері байланыс орнатады.

Кері байланысты орнату үшін тұтынушылардан мерзімді сауалнама алады, ашық есік күнін өткізеді, мәжіліс және семинарлар ұйымдастырады, университет ректоры студенттерді жеке мәселелер бойынша қабылдайды, кәсіпорындар, фирмалар, компаниялардың басшыларын шақыру арқылы бітірушілерді жұмысқа орналастыру бойынша Студенттер жәрмеңкесін өткізеді.

Жекелеген ББ академиялық басқаруды маман даярлайтын кафедралар жүзеге асырады, олар жұмыс берушілермен және түлектермен тығыз қарым-қатынаста мамандық шегінде ББ әзірлейді (жоспарлар, оқыту нәтижелері, білім беру процесін және тәжірибелерді әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз ету).

Бүгінгі таңда университет әлем елдері – Румыния, Болгария, Түркия, Ресей, Латвия және т.б. университеттерімен тұрақты байланысты қолдайды. Жыл сайын университетте алыс және жақын шетелдің ЖОО профессорлары дәріс оқиды («Шетелдік мамандарды тарту және шақырту бойынша шығындарды өтеу тәртібі туралы ереже»). Румыния, Болгария, Литва, Түркия, Ресей, Қытай және Қазақстанның 10 әріптес-ЖОО-мен келісімдерге қол қойылды. «Туризм», «Дүние жүзілік экономика» бағдарламалары бойынша мамандарды даярлауға Ботевград қ. (Болгария) «Халықаралық бизнес мектебі» Университетімен шарт жасалды. Бухарест экономика университетімен (Румыния) бірге MBA қос диплом бағдарламасы әзірленуде. Магистранттар академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысып, отандық, сондай-ақ шетелдік ғылыми ұйымдар мен тиісті салалардағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан өтеді. Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелдік ЖОО оқыған магистранттарға оқыту бейіні мен мамандықтарына сәйкес келетін пәндер бойынша шетелде оқыған кезеңде жинаған кредиттерді, соның ішінде ECTS негізіндегі кредиттерді қайта есепке жатқызу жүргізіледі. Оқыту кезеңдеріне жоғары білімнің біліктілігі облыстық, республикалық ресми және бейресми зерттеулерге және ғылыми семинарларға, конференцияларға, олимпиадаларға қатысудан көрініс табады. 5011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының білім бағдарламасына сай жоғары білім біліктілігі бойынша ұйымдастырылған ғылыми зерттеулер мен әртүрлі іс-шараларға қатысу.

**Бакалавриат бойынша** студенттер қатысқан іс-шаралар: «Білім, ғылым – жас зерттеушілердің үлесі» ЖОО арасындағы ғылыми-практикалық конференциясы (ТАУ 27.02.2015), «Гранит науки» атты үздік ғылыми жұмысының V Халықаралық конкурсы, (РФ, Таганрог қ. 16.02.2016) «Ғылым және жаңа ұрпақ - 2018» республикалық ғылыми конференциясы <http://egi.kz/ru/> (12.04.2018 ж.); «Бөбек» ұлттық қозғалысы білім беру, ғылым, өнер және спорт саласында ерекше үлес қосқан, үздік студент – 2018 байқауы (15.11.2018 ж. Қазақстан - «ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР 2019» IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы («Бөбек» қозғалысы Республика Тұңғыш Президентінің кітапханасымен бірге. 17.01. 2019 ж.) , «100 жаңа оқулық және білім көкжиегі» атты университетаралық танымдық сайыс (8.02.2019 ж.) «Ұлттық рухани сананың жаңғыруы және бәсекеге қабілетті жастар» X ЖОО арасындағы ғылыми-практикалық конференциясы (ТАУ, 22.02.2019 ж.)

**Магистратура бойынша магистранттар қатысқан іс-шаралар:** «Гранит науки» атты үздік ғылыми жұмысының V Халықаралық конкурсы, (РФ, Таганрог қ. 16.02.2016); «Аңызға айналған абыз» атты көркемсөз оқу

шеберлерінің 2-республикалық байқауы. (Қазан, 2017ж.) Қазақстан Республикасының әнұранының авторы ақын-жазушы Жүмекен Нәжімеденов атындағы Көркемсөз оқу байқауы (Қараша, 2018 ж.). Қазақ радиолары серіктестігі жариялаған «Алтын дауыс» дикторлар байқауы (Қаңтар, 2019) «Мәңгілік ел- мәртебелі тіл атты қазақ тілі апталығы» (Наурыз, 2017 ж.) «Сауаттылықты арттырудағы жазба жұмыс ерекшеліктері» атты семинар (2018 ж.) «Қазіргі заманның өзекті мәселелері» атты конференция (2018 ж.) ТАУ–да мамандық бойынша Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен, Сүлейман Демирел университетімен, Гази университетімен байланыс орнатылған. Педагогика, Критериалды бағалау, аударма теориясы бойынша дәрістер оқылып, семинарлар ұйымдастырылған.

### ***Ескертулер:***

1. ҚР БЖҒМ Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастыратын «Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру» курстарына ешкім қатыспаған.

2. Жұмыс беруші мекемелерде студенттер тәжірибеден өтумен шектеледі. Жұмысқа қабылдау көрсеткіші аз.

### ***Жақсарту аймағы:***

ҚР БЖҒМ Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастыратын «Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру» курстарына оқытушыларды кеңінен қатыстыру.

**Сәйкестік деңгейі– маңызды сәйкестіктер бар.**

## **Стандарт 5 . Профессор-оқытушылар құрамы**

### ***Дәлелдемелер және талдау:***

Кадр саясаты ҚР-ның Кадр саясаты туралы заңнамасы мен ережелеріне, ҚР Еңбек кодексіне, ТАУ жарғысына, Корпоративтік мәдениет кодексіне, Еңбекке ақы төлеу жүйесіне, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларына толық сәйкес. Кадр құрамы ЖОО ғылыми-педагогикалық құрамы лауазымдарын конкурстық алмастыру қағидаларына сәйкес жасақталған. «Педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарына үлгі біліктілік сипаттамалары» негізінде әзірленген лауазымдық нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып, ОПК лауазымдарына конкурс жүргізіледі. Жұмысқа қабылдау кезінде Лауазымдық

нұсқаулықпен және университеттің басқа нормативтік актілерімен таныстырылады. Аталған құжаттар Университеттің барлық қызметкерлеріне қолжетімді.

Педагогикалық ұжымның лауазымына сәйкес болуын анықтау үшін мұғалімдердің құзыреттілігін бағалау ҚР-ның «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес 2012 жылы әзірленген. Барлық қызметкерлерді жыл сайын аттестаттау Бәсекелестік Комиссиясы туралы Ережеге және 2012 жылдың 17 ақпанында № 230 Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен жоғары оқу орындарының құрамы мен зерттеушілерін сертификаттауға сай жүзеге асырылады. Аттестацияның қорытындысы бойынша жұмыскерді бұрынғы лауазымына қалдыруға, әлде жұмыс беруші қызметін өсіруге немесе шартын бұзуға ұсынымы болуы мүмкін.

Конкурстық комиссияның құрамы, оның өкілеттілік мерзімі Университет Ғылыми Кеңесімен анықталады және университет ректорының тиісті бұйрығымен бекітіледі. Конкурстық комиссия конкурстың нысандарын, рәсімдерін, нақты шарттарын айқындайды, конкурстық құжаттаманы талдайды, конкурстың нәтижесі туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық іріктеу бойынша конкурстық комиссияның шешімі университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына еңбек шартын жасасу үшін негіз болып табылады. Қатысушылар мен кандидаттар конкурстық комиссияның шешіміне университет ректорына немесе сотқа шағымдануға құқылы.

Профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігі мен ғылыми деңгейі атқарып отырған лауазымына және лицензиялау талаптарына сәйкес келеді.

5B011700, 6M011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына ғылыми атағы мен дәрежесі сай профессор-оқытушылар құрамының саны -7. Барлығы филология ғылымдарының кандидаты, доцент лауазымында. Педагогика магистрі -1.

Оқытушы-профессорлық құрам ББ бойынша білім беру әрекетін лицензиялаудың біліктілік талаптарына толық жауап береді. Ол үшін «ӘГЖТП» кафедрасында «Білім туралы заңның» 43-1 бабында көрсетілген біліктілік талаптарының 2-тармағы, 2-тармақшасына сай әзірленген кафедра меңгерушісі, ОПК-ның лауазымдық міндеттері; Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы Білім беру ұйымдарының типтік ережелері; Білім беру мекемелеріне қойылатын біліктілік талаптары және оған сәйкестігін растайтын; ББ ОПК біліктілік талаптарына, «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ ерекшелігі мен деңгейінің ТАУ Жарғысына сәйкестігін растайтын құжаттар бар.

6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін оқытушылар өзінің кәсіби құзыреттілігі саласында тиісті теориялық және практикалық білімі мен дағдыларын меңгерген, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етеді.

Оқытушы-профессорлардың базалық білімі, ғылыми атақ дәрежесі мамандыққа сай.

Ф.ғ.к, доцент Шнайдер Владимир Александрович – филолог, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы, диплом нөмірі ЖВ-II № 0000853;

Ф.ғ.к., доцент Искакова Жазира Махсұтовна – Филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, диплом ЖВ № 242332 (үздік диплом);

Ф.ғ.к, доцент Омарова София Кажыакпаровна – Филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, диплом ЖВ № 242332. (үздік диплом);

Ф.ғ.к, доцент Карипжанова Гульназ Токеновна – Филолог, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, диплом № 2182509

Ф.ғ.к, доцент Рахимбаева Гаухар Қинаятовна – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, ЖВ № 0002781 (үздік диплом);

Ф.ғ.к, доцент Маретбаева Марина Әбілжановна – Қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі мұғалімі, ЖВ № 0079284 (үздік диплом);

Ф.ғ.к, доцент Симбаева Салима Оралхановна – Филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, ЖВ № 0002697 (үздік диплом).

ОПҚ ғылыми жұмысты жоспарлауда педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметінің тұтастығы принципін басшылыққа алады. ОПҚ-тың ғылыми-зерттеу жұмысы тек қана зерттеуден ғана емес, сондай-ақ дәйексөз журналдарда мақалаларды жариялауды, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді, магистрлік және докторлық диссертацияларды қорғауды және т.б. қамтиды. Жыл сайын оқытушылар ғылыми конференциялар жұмысына белсенді қатысады, оқу-әдістемелік құралдарды құрайды, магистранттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік етеді, бұл магистранттардың ғылыми-теориялық конференцияларға белсенді қатысуына әсер етеді.

ББ оқытушылары Рухани жаңғыру тарихындағы «Бабалар сөзінің әдеби-ғылыми сипаты», «Көркем мәтіндегі лингво-концептуалдық талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбы бойынша ғылыми, ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізеді.

Университеттің ҒЗЖ дамыту аясында «Жүйелі зерттеулер мен қолданбалы әзірленімдер орталығы» ҒЗИ университет кафедраларымен тығыз байланыста ұжымдық монографияларды, оқулықтарды, сондай-ақ Thomson Reuters, Scopus, РҒЗО деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда ғылыми мақалаларды дайындайды және жариялайды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы» бағдарламасы бойынша маман дайындайтын профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігі ҚР «Білім туралы» заңының талаптарына сай.

Біліктілікті көтеру тәжірибесі бойынша ТАУ-да 24.10.2018 ж. күні «Оқу процесінде жобалау технологиясын қолдану тренингі ұйымдастырылған. 5011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша «ҚР көптілді білім беру және білім мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту (Қазақ инновациялық-гуманитарлық заң университеті Астана қ., 4-14 ақпан 2019 ж.) курсынан В.А.



Шнайдер, Ж.М. Исакова, С.О.Симбаева, Г.Т.Карипжанова, Г.Қ. Рахимбаева Б.Ж. Абилямжиновалар; Тілдік білімді бағалау: теориясы мен әдістемесі (15-16 қараша 2018 ж. ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы) курсынан В.А. Шнайдер; Применение тестовых форм в новых образовательных и аттестационных технологиях (Ұлттық тестілеу орталығы, Астана қ., 7-11 желтоқсан, 2015 ж.) Ж.М. Исакова; «Steam жүйесі бойынша тіл оқыту: технологиялар мен тәжірибе алмасу» атты отандық және шетелдік тәжірибелерге негізделген әдістемелік семинар-тренингтен (Астана қ., 18-19 қаңтар 2019 ж., Назарбаев университеті) Ж.М. Исакова; «Повышение квалификации учителей казахского языка школ с казахским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования («Назарбаев интеллектуальные школы» центр Педагогического мастерства АОО РК) курсынан С.О.Симбаева;

Жоғары білім беру орнындағы оқытушылардың кәсіби дамыту курсынан (Португалия 16-23 қараша 2016 ж.) Г.Т.Карипжанова; «Қазақ тілін латын графикасы негізінде оқытудың жаңаша әдістері» тақырыбы бойынша арақашықтан оқытатын курстан (11.10.-13.10.2018 ж. ҚарМУ) М.Ә.Маретбаева өткен.

Мамандық бойынша оқытушы-профессорлардың біліктілік курсынан өту көрсеткіші: Ф.ғ.к, доцент Шнайдер Владимир Александрович – 3; ф.ғ.к., доцент Исакова Жазира Махсутовна – 9. Ф.ғ.к, доцент Омарова София Кажыакпаровна – 2; ф.ғ.к, доцент Карипжанова Гульназ Токеновна – 2; ф.ғ.к, доцент Рахимбаева Гаухар Қинаятовна – 1; ф.ғ.к, доцент Маретбаева Марина Әбілжановна – 8; ф.ғ.к, доцент Симбаева Салима Оралхановна – 4.

ОПҚ ішкі ұтқырлық бойынша республика ЖОО барып дәрістер оқып, семинар сабақтарын ұйымдастырады. 2018-19 оқу жылында ф.ғ.к., доценттер С.О. Симбаева Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде (Семей қ.), мамандық магистранттарына, Ж.М. Исакова Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде дәріс оқыды. Ал Инновациялық Еуразия университетінің доценті, ф.ғ.к. Б. Молдағали «Тұран-Астана» университетінің 6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы магистранттарына дәріс және семинар сабақта өткізген.

Оқытушылардың жеке жұмыс жоспарында келешекке даму бағдарламасы қамтылған. Даму параметрлері (ғылыми дәрежені, ғылыми атақты алу, шетел тілін меңгеру деңгейін арттыру, педагогикалық шеберлігін арттыру, өз брендин қалыптастыру және т.б.), жолдары қарастырылған және жылдар бойынша индикаторлар енгізіліп отырады. ОПҚ жеке жоспарларында оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс және т.б. сияқты бөлімдер көрсетілген. Оқытушылардың жеке жоспарларын орындау мәселелері оқу жылында екі рет – 1-семестрдің аяғында және 2-семестрдің аяғында кафедра отырыстарында қаралады.

Оқытушының жеке жоспары кафедраның әр мүшесінің қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады. Оқытушының оқу жүктемесін

жоспарлау ҚР «Білім туралы» Заңына және ҚР МЖМБС 5.03.015-2009 3. «ҚР Білім беру жүйесі. Оқу жұмысы және педагогикалық жүктемесіне» сәйкестендіріліп, ТАУ-дың Ғылыми кеңесі шешімімен бекітіледі.

Оқу жүктемесін есептеу мамандықтың білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары негізінде және Кредиттік оқыту жүйесінде оқу үдерісін ұйымдастыру ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады. (ҚР Бж/еҒМ №152 Бұйрық 20.04.2011 ж.). ТАУ оқытушы-профессор құрамының педжүктемесі 2018-2018 оқу жылындағы ішкі ережеге сәйкес төмендегідей бөлінген: кафедра меңгерушісі – 600 сағат, профессор – 500 сағат, доцент – 600 сағат, аға оқытушы – 650 сағат, оқытушы (ассистент) – 700 сағат.

Оқытушылардың құзіреттілігін жүйелі түрде бағалау ашық сабақтарды өткізу, оқытушылардың дәрістерге өзара қатысуы барысында анықталады. «Ашық дәрістерді өткізу бойынша нұсқаулық» негізінде әрекет етеді.

5B011700 –Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 2018/2019 оқу жылына жоспарланған ашық сабақ саны – 3.

1. 24.10.2018 күні ф.ғ.к, доцент С.О. Симбаеваның «Әдебиет тарихындағы айтыс өнері» тақырыбында ашық сабағы өткен;

2. 07.11.2018 күні педагогика магистрі Г.З.Еденбаеваның «Етістіктің шақтары» тақырыбында ашық сабағы болған;

3. 23.11.2018 күні ф.ғ.к., доцент Г.Т.Карипжанованың «Шығыс әдебиетінің тарихы» тақырыбында ашық сабағы өткен.

Оқыту сапасына бағалауды жұмысын САРБО үйлестіретін СКІЖ жөніндегі комиссия жүргізеді. СКІЖ жөніндегі комиссия ректордың бұйрығымен құрылады, ТАУ әкімшілігіне пәндерді оқыту сапасын жүйелі бағалауға мүмкіндік береді.

Дәрістерді өткізу сапасын бағалау өлшемшарттары: дәріс тақырыбы мен мазмұнының пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкестігі; оқушылармен жұмыс нысаны; материалды таңдаудың дұрыстығы, оны баяндаудың ғылымилылығы; теорияның тәжірибемен байланысы; пәнаралық байланысты қамтамасыз ету; дәріс барысында ақпараттық технологияларды қолдану; көрнекі құралдарды, дидактикалық материалды пайдалану; оқытудың инновациялық әдістерін пайдалану; оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыру және олардың білімін бақылау сапасы; дәріс қорытындылау сапасы және қойылған мақсаттарға жету деңгейі; оқыту тілін меңгеру деңгейі. Бұл ретте осы процесті іске асыруда кафедрада ашық сабақтарды өткізу және талқылау маңызды рөл атқарады (Ашық дәрістер журналы, отырыстар хаттамалары). Өткізілген дәрістердің сапасы кафедра меңгерушісі, СКІЖ жөніндегі комиссия мүшелері бақылап барған кезде бағаланады.

«Оқытушы білімалушылардың көзімен» сауалнамалау нәтижелерінің деректері бойынша оқытушының кәсібилігіне, оның жүріс-тұрысы нормалары мен әдебіне талдау жүргізіледі. Нәтижелері оқытушы лауазымдарды конкурстық алмастыруға қатысқан кезде конкурстық

комиссияға, «ЖОО үздік оқытушысы» конкурсының ЖОО ішілік кезеңінде сараптамалық комиссияға ұсынылады.

ОПҚ-ның педагогикалық дағдысына, ғылыми нәтижесіне, кәсіби дамуына ықпал ету, ынталандыру жолында ОПҚ мүшелерін ҚР БҒМ-нің әртүрлі наградаларына және басқа ведомстволық наградаларға, грамоталарға, алғыс хаттарға, сыйақыларға ұсынады. «Айдың үздік оқытушысы» электрондық таблосы бойынша ОПҚ-ның еңбек қызметінде жеткен нәтижелері мен жеке үлесі үшін ай сайын сыйақы беру жүйесі жұмыс істейді. Барлық қызметкерлер мансаптық өсу саласында тең мүмкіндіктерге, өзін-өзі таныту мүмкіндіктеріне тең дәрежеде ие. Университет бойынша ОПҚ-ны ынталандыру мақсатында ғылыми жобалар, Университет Ректорының грантын тағайындау сияқты шаралар ұйымдастырылады. 2018-2019 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының ОПҚ Ректорлық грантқа «Полиэтикалық социумдағы ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктің қауіпсіздігі мен төзімділігінің этносаралық және мәдениетаралық дискурсінің тұжырымдамалық моделі: бірігу, бейімдеу, келісімге қол жеткізу механизмдері, әдістері, стратегиялары» тақырыбында ғылыми жоба ұсынған.

Соңғы бес жылда ОПҚ ғылыми еңбектері монография, оқу құралдары, анықтамалық түрінде жарық көрген. Атап айтқанда:

1) Омарова С.К. Қазіргі қазақ тіліндегі жұп сыңарлы категориялар болмысы. Монография. –Алматы: Эверо, 2016.–212 б.

2) Қадашева Қ., Ерназарова З., Омарова С. және т.б. Қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 1-11 сынып оқушыларына арналған Лексикалық-грамматикалық минимум.–Астана: 2017. –141б.

3) Омарова С.К., Абишева К.М. Тіл ғылымының зерттелу тарихы. – Астана, 2019. –91б. 4.Омарова С.К., Айкенова Р.А.,Абидьмажинова Б.Ж. Іскери қазақ тілі. –Астана: «Туран-Астана» университеті, 2019. –212 б.

4). Г. Т. Карипжанова Кәсіби қазақ тілі. Оқу құралы. Павлодар, «Кереку», 2014.-121б.

5) Г. Т. Карипжанова. Қазақ жұмбақтану мәселелері және Мәшһүр-Жүсіп. Оқу құралы. – С.Торайғыров ат. МУ Павлодар, 2019.

6) С. О.Симбаева. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер. Әдістемелік құрал.- Астана: «Туран-Астана» университеті, 2018.-140б.

7) С. О.Симбаева. Хандық дәуір әдебиетін интербелсенді әдіс-тәсілдер негізінде оқыту.Оқу құралы.- Астана: «Туран-Астана» университеті, 2019.-150б.

8) С. О.Симбаева. Кәсіби қазақ тілі.Оқу құралы- Астана: «Туран-Астана» университеті, 2019.- 178б.

9) Г.Қ.Рахимбаева. Отты жылдар жырлары (антология)- С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы.-Өскемен, 2015, 278 бет;

10) Таңғы шық (жинақ) Мектеп оқушыларының шығармашылығы.- С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы.-Өскемен, 2015, 247 бет;

11) Рухани келбет (Моңғолия қазақтарының әдеби-мәдени анықтамалығы) Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы.-Өскемен, 2016.-157 бет;

12) Ж.М.Искакова. . Халық ауыз әдебиеті пәнінен әдістемелік нұсқау. Астана: «Туран-Астана» университеті, 2019.

2014-2019 жылдар арасындағы жариялымдардың көрсеткіші:

1. Импакт –фактормен — 4 мақала.
2. Халықаралық мақалалар -30
3. ЖАК мақалалары -12
4. Республикалық -8
5. Монографиялар -4
6. Оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдар - 15
7. Патенттер-16

ОҚП оқу үрдісін жетілдіру мақсатында оқытудың интерактивті және инновациялық технологияларын атап айтқанда, кейс-стади, жобалап оқыту технологиялары, өзіндік зерттеу, эссе, «дөңгелек үстел» әдісі, іскерлік сияқты интерактивті әдістерді, мұражайлық технологиясын қолданады. Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану барысында С.О. Симбаеваның «Жыраулар поэзиясын модульдік технология негізінде оқыту», «Белсенді оқу мен оқуда қолданылатын әдіс-тәсілдер» әдістемелік құралдары жарыққа шығып, оқу процесінде қолданылады. Жетекші ұйымдар мен кәсіпорындардан Анкара қаласындағы Гази университетінен (Түркия) профессор Юджель Гелишли педагогика бағыты бойынша дәріс оқыған. Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім академиясынан С.С. Жұманова критериалдық бағалаудың өлшемдері туралы семинар өткізген. Сүлейман Демирел ат. Университетінің Білім беру және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, профессор Ph.D А.А.Ақбаров Аударма теориясындағы іргелі лингвистикалық тұжырымдамалар туралы дәріс оқыған.

### ***Жақсы тәжірибе:***

«Айдың үздік оқытушысы» электрондық таблосы бойынша ай сайын сыйақы тағайындау және Ректор гранты бойынша ғылыми жобаға байқау жариялау – ОПК-ның әлеуметтік және ғылыми әлеуетінің артуына септігін тигізетін жақсы іс-шара.

**Сәйкестік деңгейі– толық сай.**

## **Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау**

### ***Дәлелдемелер және талдау:***

ТАУ-да студенттер мен магистранттардың білім алуына, олардың жеке және мансаптық қажеттіліктерін өтеуге қызмет атқаратын «ТАУ студенттеріне қызмет көрсету орталығы» жұмыс істейді. Орталық

білімалушыларға, ата-аналарға, түлектерге, абитуриенттерге де қызмет көрсетеді. Бұл орталық оқу процесінің ашық және жариялы болуын қамтамасыз етуге, сервистік қызметті орталықтандыруға, мәдени сапаны қалыптастыруға, жемқорлық фактілерін болдырмауға мүмкіндік береді. Білімалушылар осы орталық арқылы бір терезе жүйесі бойынша оқуды қайта жалғастыру, оқудан шығу, басқа оқу орнына немесе мамандыққа ауысу, жеке оқу жоспарын құру, таңдаған пәндерін тіркеу, GRA балын және академиялық қарызын немесе айырмашылығын анықтау, академиялық демалысқа шығу, дипломның дубликатын, қосымшасын алу, Платонус бағдарламасына кіруге арналған логин, парольді алу, академиялық қарызын тапсыру, жазғы семестрді ұйымдастыру, ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша кеңес алу сияқты қызметтің барлық түрін тұтына алады.

ТАУ-дың 2 оқу корпусы материалдық-техникалық базамен қамтамсыз етілген: спорт зал – 565,6 ш.м., мәжіліс залы – 565,6 ш.м. 376 қ.м.; екі оқырман залы бар кітапхана –115 қ.м.; 10 компьютерлік сынып – 128қ.м.; 2 лингафон кабинеті – 20 қ.м.; 12 зертхана және 15 мамандандырылған пән кабинеті –138 қ.м.; 2 оқу шеберхана – 50 қ.м.; сот отырыстары залы – 50 п.м; 21 оқу аудитория – 450 п.м; 3 медициналық пункт; 2 конференц-зал – 40 п.м. Асхана 115 орынға арналған.

Бизнес-инкубатор орталығында қажетті ұйымдастыру техникасы орналастырылып, интернет желісі, Wi-Fi қосылған. Білімалушылардың әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында 73 орынға арналған 1 жатақхана бар. Жатақханаға тұру құны айына 20 мың теңгені құрайды. Оған білімалушыларға қажетті барлық сервис кіреді. Студенттер дән ризалықтарын білдіруде. Материалдық-техникалық базаны кеңейту мақсатында ЖОО басшысымен Астана қ. әкімі атына жаңа оқу корпусын салу үшін қала аумағында жер телімін бөліп беру туралы өтінім беріп, оған барлық қажетті инфрақұрылымдық бірліктердің (кітапхана, спортзалы, оқу аудиториялары, зертханалар және т.б.) болуын жоспарлаған. Университет оқу және кеңсе кешендері орналасатын құрылыстың жобасына тапсырыс берген.

ТАУ-да 5B011700 және 6M011700 – "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығының білімалушыларына арналған деканат, білім беру сапасының мониторингі және менеджменті бөлімі, студенттік бөлім, білікті эдвайзерлер, оқу топтарының кураторлары, тіркеу және кітапхана бөлімінің қызметкерлері жұмыс істейді. Эдвайзерлер студенттердің оқу траекториясын таңдауына, оқу кезінде білім беру бағдарламасын меңгеруіне ықпал етеді. Типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде білім алушының жеке оқу жоспары құрылады. Білімалушылардың жеке оқу жоспарлары білім беру бағдарламасы негізінде құрастырылып, институт деканының қолымен, мөрімен бекітіледі.

Кафедра эдвайзері білімалушыларға Білім беру бағдарламасын игерудің жолдарымен таныстырып, кеңес береді. Олар: оқу пәндеріне алдын ала жазылу процедурасы бойынша кеңес; қорытынды және аралық бақылау

бойынша кеңес; оқытушының басшылығымен өзіндік жұмыс бойынша кеңес; үлгерімнің орташа балы (GPA) бойынша кеңес; пәндер силлабусы және элективті пәндер бойынша кеңес.

